



Ұлттық таным және сөздер сыры

Оқушы дәптері

Оқушының аты-жөні _____

Мектебі _____

Сыныбы _____



Алғы сөз

Құрметті білім алушы! «Ұлттық таным және сөздер сыры» әлеміне қош келдіңіз! Бұл курс ана тіліңіздегі сөздердің түбірін зерттеп, мағынасын түсіну, сөздік қорыңызды байыту, ұлттық танымыңызды жетілдіру мақсатында құрастырылған.

Жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау арқылы ұлттың рухани құндылығын, мәдениетін бойыңызға сіңіріп қана қоймай, лексикалық біліміңізді, қазақ тілінде ауызша, жазбаша сөйлеуді, логикалық ойлауды дамытасыз, әртүрлі графикалық организаторлармен жұмыс істеп, сыни пікір білдіру мен эссе жазу дағдыларыңызды арттырасыз. Тапсырмаларды орындауда жұмыс алгоритмі немесе қадамдық нұсқаулықтарды мұқият оқып алыңыз.

Жұмыс дәптерінде жұмыс нәтижесін саралау үшін қарастырылған кері байланысты жасау міндетті деп біліңіз. Алған білімдеріңізді қорыту мақсатында сыныпаралық немесе топаралық «Сөзтаным» зияткерлік ойынын, жасаған жобаларыңызды қорғау сабақтарын, сөз төркінін тану бойынша дебат, пікірсайыс ұйымдастырыңыз. Зерттеуге ұсынылатын тақырыптар тек үлгі ретінде берілгендіктен, өз қызығушылығыңызға қарай жаңа тақырыптарды таңдауыңызға болады.

Құрметті білім алушы! Сіздің ұлтыңыздың тілін сүйетін, сөз мәдениеті қалыптасқан азамат боларыңызға сенімдімін. Іске сәт!

Автор

1-сабақ. Сөз мәні: ұлттық жаңғыру және ұлттық ұғымдар

Өз біліміңізді тексеріңіз:

1. Қазақтың сөздің қоры мен сөздік құрамының айырмашылығын білесіз бе?

Сөздік
қор

Сөздік
құрам

2. Мәтінді оқып, ұлттық жаңғыруға байланысты негізгі ақпараттарды іріктеп, «Сүзгіден» өткізіп алыңыз.

Рухани жаңғыру идеясы атамекен мен ұлттың бір болуын, ұрпақ пен туған жердің байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын білдіреді. Рухани жаңғыру – ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс. Ол жеке адамды, ұрпақты, ұлтты, халықты табиғаттан, өзінің төл болмысынан ажыратып қарастырмайды, керісінше, өз болмысының әлеуметтік рухани негіздерін сақтай отырып, оны нығайтуға, қорғауға ықпал ететін ұғым, ұлттық деңгей, бір ұрпақтың мемлекеттің тарихы мен болашағы алдында жасайтын, қол жеткізетін жетістігі.

3. Сүзгіден өткен ұлттық жаңғыру мен ұлттық ұғымдар туралы ақпараттарды байланыстырып, жинақы мәтін жазыңыз. Жазғандарыңызды жұбыңызбен салыстырыңыз.

Сабақ тапсырмалары бойынша «БҮҮ» әдісімен кері байланыс беріңіз.
Білетінмін ...
Үйрендім ...
Үйренгім келеді ...

2-сабақ. Адал мен арам ұғымы

1. Бейнефильмді тамашалаңыз.

<https://kk.warbletoncouncil.org/lealtad-761>. Адал мен арам туралы берілген мәтінді оқыңыз. Адалдық пен арамдық туралы сөздерді «таразыға» салып, салыстырыңыз.

Адал жолмен астарын тапса екен.

Арам жолмен тапқан бар пайдасын,

Көріп тұр көктегі жалғыз Алла!

Адам - ғалам ғажайып, жеке - дара,

Жан құмары ізденген мәңгі сана.

Өзінді - өзің танысаң, істің басы,

Түзеген өз ғаламын болған дана.

Ұлы Абай: «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі – қазақтың әулиесі сол».

Ғ. Мүсірепов: «Өзі таза адам өзгеге күйе жаға алмайды. Күйе жағу үшін өзінде күйе болу керек».

Аристотель: «Ең бастысы — әрбір мемлекеттік құрылыстың жанындағы істі лауазымды тұлғалар пайдаға батпайтындай етіп қою керек».

Шәкәрім қажы: «Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, ғибадат пен адалдық ар үшін жи».

Адалдық- өміріңе керек нәрсе,

Ол да гүлдеп, нұрланар көңіл

бөлсе.

Халыққа өз пайдасын тигізе алмай,

Адам боп өзін- өзі меңгермесе.

Несиені, қарызды жек көреді,

Өсім берсе, ептелеп еп көреді.

Құлағын да ұстатпай, бездіреді,

Бауыр, жиен, нағашы, ет бөлені.


Адалдық, ар- жанымның садақасы,

Көрмегем тар қолтықта шалыс басып.



2. Топтардың «таразысына» ауызша комментарий жасаңыз.

3. Түйінді сөздерді «Жалғыз құты» органайзеріне жазыңыз.



4. « Жалғасын тап» ойынын ойнаңыз.

Адалдық –

Адалдық жүрген жерде ... бар.

Ала жіпті аттамағанның

Асылдың бірі — ... мен ... ,

Адамның ұяты бетінде,

... ..

Шындық жоқ жерде жоқ.

Әділдікке жығылмау—

Әкімің әділ болмаса,

Саудан әділ болмаса, әуре болма.

5. Сабақта алған біліміңізге «Шабдан, етартқыш, қоқыс жәшігі» әдісімен рефлексия жасаңыз.



Сабақтан алған керекті ақпарат




Әлі де толықтыруымды керек ететін ақпарат



Қажетсіз ақпарат


3-сабақ. Ақыл және рухани дүние

1. Білімнің қайнар бұлағы – Абай,
Ғылымның жарық шырағы – Абай.
Қазақтың нәрлі құрағы – Абай,
Ұлтымның лүпілдеген жүрегі – Абай.
Абай Құнанбайұлының ақылы мен рухани
дүниесі жайлы топта талқылап, ой
қорытындысын жазыңыз. Қорытындыңызды
«Автор орындығына» отырып, оқып беріңіз.



2. А.Құнанбайұлының қарасөзін тыңдап, мәтін графигінде өзіңіз үшін кемелденудің жолдарын белгілеңіз.

(https://www.youtube.com/watch?v=fysK5YAsn3Q&ab_channel=Boysuier)



3. Сабақта айтылған ақпараттар бойынша сыныптасыңыздың жұмысына «Екі жұлдыз, бір тілек» білдіріңіз.



ұнамды жағы



жетілдіруді қажет ететін тұсы

4-сабақ. Қазақ халқының дәстүрлі туыстық жүйесі

1. Жеті атаңызды білесіз бе? Сәйкестендіріңіз.

| | | |
|-----------|-----|-----|
| Бала | (2) | (4) |
| Әке | (5) | (7) |
| Ата | (1) | (6) |
| Үлкен ата | (3) | |
| Баба | | |
| Түп ата | | |
| Тек ата | | |

2. Ретімен жазып шығыңыз.

Ата, шөбере, немене, туажат, жұрағат, немере, жат жұрағат, әке, бала, жекжат, жамағайын, шөпшек, жүрежат.

3. Мыналар кімдер? Бейнефильмді көріңіз.

(https://www.youtube.com/watch?v=nGFFb8LJsB0&ab_channel=KEREK)

Жиен _____

Бөле _____

Нағашы _____

Бажа _____

Балдыз _____

4. Туыстық қатынас туралы төмендегі мақал-мәтелдерді толықтырып жазып, мағынасын түсіндіріңіз.

Өз жұртың- _____,

Нағашы жұртың- _____,

Қайын жұртың- _____.

Жиен _____, желке ас болмас.

Екі аяқтыда _____, төрт аяқтыда бота тату.

Жеті атасын білген ұл _____.

5. Ат тергеу деген не? Өз ойыңызды 4 сөйлем арқылы дәлелденіздер.

1. Бірінші сөйлем «Менің ойымша,....»

2. Екінші сөйлем «Себебі/ мен оны былай түсіндіремін ...»

3. Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...»

4. Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»

6. Бүгінгі сабақта алған біліміңіз туралы «Табыс ағашы» әдісімен кері байланыс жасаңыз.

**5-6 – сабақтар. Ұлттық салт. Амандасу, қонақты қабылдау салты.
Қонақ күту. Мал сою**

1. Мына салт-дәстүрлердің қайсысын білесіз?

- Түйе мұрындық
- Есік ашар
- Өңір салу
- Құрсақ той
- Жарыс қазан
- Төркіндеу
- Ілу салу

2. Бұл салт-дәстүрлерді бүгінгі күні қолдануға бола ма? Өз көзқарасыңызды білдіріңіз. Бір-біріңіздің көзқарастарыңызға комментарий жасаңыздар.



2. Қонақасы деген не? Қонақкәде деген не? Бастаңғы деген не? Осы ұғымдарға АКТ қолданып, жоба-презентация жасаңыз.
3. Осы дәстүрлерді қолданудың заманауи жолын ұсыныңыз.




4. Жұбыңызбен қазақтың амандасу салтын көрсетіңіз.
5. Қонақты күту, мал сою туралы өз біліміңізді ортаға салыңыз. Пікір таластырыңыз. Мұғалімнің көмегіне жүгініңіз.
6. Сабақтан алған біліміңіз туралы «Бағдаршам» әдісімен рефлексия жасаңыз.



Түсінген жоқпын.



Барлығы түсінікті.



Сұрағым бар.

7-8– сабақтар. Ел мен жер атауларының ұлттық танымдық сипаты

1. Өлеңдерде берілген ел-жер атауларына түсінік беріңіз. Қазақстандағы атауы өзгеше жерлерді білесіз бе? Олай аталуының себебін іздеңіз.

Қарағайлы орманы –
Дархан дала қорғаны.
Киелі жер **Кереку** –
Адамзаттың арманы.

Баянауыл – жүрегі Сарыарқамның,
Қолаңшашын **Ақбетте** таратқан күн.
Ертісіммен еншілес Железинім –
Ақ бидайын сапырған Жаратқанның.

Майдың елі – айбарлым қалмақ қырған,
Екібастұз – көмірлі алқап тұнған.
Шарбақтым мен Успенім – алтын көпір,
Ел мен елдің арасын жалғап тұрған.

2. Кейбір жер-су атаулары өзгеріп жатыр. Олай болуының себептерін іздеңіз. Топ арасында пікірталас ұйымдастырыңыз.
3. Бейнефильмді тамашалаңыз. (<https://youtu.be/3rbVApVfdJ8>) Берілген мәліметтерді сараптап, эссе жазыңыз. Эссенің тақырыбы: «Жер- су атаулары тарихи оқиғаларға байланысты қалыптасқан ба?» Эссені оқып, бағалау критерийлері бойынша өзіңізді бағалаңыз. Эссені бағалау критерийлері:
 - Құрылымын сақтап жазады (кіріспе, негізгі бөлім, қортынды);
 - Тезис жазады;
 - Өзіндік пікір білдіреді;
 - Фактінің дереккөздеріне сілтеме жасайды;
 - Қортындыда шешімін көрсетеді;
 - Сауатты жазады.

9-10-сабақ. Ұлттық мирас (қолөнер атаулары)

1. Ұлттық қолөнер түрлерін білесіздер ме? Атап жазыңыз.

2. Мына мамандар немен айналысады?

Ұста

ісмер

зергер

шебер



3. Сізге ұлттық қолөнердің қай түрі ұнайды? Ол туралы мәліметтеріңізді постер түрінде көрсетіңіз.

4. Мәтінді жалғастырыңыз.

Қазіргі заман талабына сай қолөнер түрлері қарқынды дамып келеді.

Қазақ қолөнершілері ағаш, киіз, металл, тері, сүйек, керамикадан ерекше туындыларды жасаудың жаңа технологияларын жетік меңгеріп, ұлттық өнерді қайта жаңғыртуда.

5.«Ұлттық мұраны жалғастырушылар» тақырыбында мектеп газетіне арналған шағын мақала жазыңыз.

6. Қолөнер туралы алған біліміңізді «Аяқталмаған сөйлемдер» әдісімен сараптаңыз.

Мен ... білдім.

... таң қалдырды.

... жасағым келеді.

... ізденсем деймін.

11-12-сабақ. Киім және сәндік бұйымдар атаулары

1. Суреттерге қарап, атауларын сәйкестендіріп, олардың ерекшелігі жайлы жұбыңызбен әңгімелесіңіз.




Ішік Жалбағай Күндік Күпі Шоңқайма етік Шәркей

2. Осы сөздерді сөздік кестесіне салып, атауларды ерекшелігіне сай түсіндіріңіз.

| Атауы | Қайда киеді? Қалай тігіледі, әрленеді? Неге? |
|---------------|--|
| Ішік | |
| Жалбағай | |
| Күндік | |
| Күпі | |
| Шоңқайма етік | |
| Шәркей | |


3. Қазіргі ұлттық сән үлгілерінің қолданысы туралы топпен ойласып, графикалық кестеге салыңыз.



1. Көркем кестелі, бедерлі киімдер 2. аяқ киімдердегі ұлттық нақыштар 3. шапан, бүрмелі көйлек, камзол, кебіс 4. бас киімдердің алуан үлгілері


- Көп қолданылады (себебін ауызша дәлелде)
- Көбірек қолданылады (себебін ауызша дәлелде)
- Аз қолданылады (себебі)
- Мүлде қолданылмайды (себебі)

4. Берілген мәтіндегі ақпараттарды негізгі, қосымша деп бөліп алып, «9 гауһар» кестесіне салыңыз.



Қазақ халқының қолөнері –көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Оның бір ұшы туысқан Орта Азия халықтарының және орыс халқының қолөнерімен де ұштасып жатыр. Қол өнерінің басты бір саласы — киім тігу. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қол өнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері әлі де аз емес. Олардың кейбіреулерін ескінің көзі қарттар күнделікті киіп жүрсе, енді біреулерін қыз ұзату, келін түсіру тойларында ойын-сауыққа пайдаланады. Арнайы дүкендерде ұлттық киімдер (шапан, мәсі , бөрік, қамзол т. б.) сатылады. Қазақы киімнің барша сымбаты мен ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Ол – біздің ұлттық мәдениетіміз. «Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі»,–деген ұлы адамдар. Қазақтың ұлттың киімдерінің көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Ұлт мәдениетінде бағалы киімдер сый-сыяпат, дипломатиялық қатынастарда ескерткіш, белгі ретінде жүрген. Сыйлы қонаққа ат, шапан сыйлау құрметтеудің көрінісі деп бағаланған.


5. Сабақта жасалған жұмыстар бойынша «SWOT» талдауын жасаңыз.



13-14-сабақ. Үй тұрмысына байланысты атаулар (үй жабдығы, ас-тағам, ыдыс-аяқ).Еңбек құралдары атаулары

1. Берілген суреттерден үй тұрмысындағы заттар атауларын табыңыз. Олар туралы өз біліміңізді ортаға салыңыз.






2. <https://www.youtube.com/watch?v=tV6amVyWHRo> Бейнефильмді көріп, тірек сөздерді табыңыз. Тындалым мазмұны бойынша ұлттық үй жиһаздары туралы жинақы мәтін құрап жазыңыз. Сыныптастарыңыздың жинақы мәтіндері бойынша пікір айтыңыз.

3. Берілген атаулар – ыдыс-аяқ атаулары. Топта кеңесе отырып, осы атауларға түсінік беріп көріңіз. Мүмкіндігінше суреттерін салып көрсетіңіз. Өз пікіріңізді дәлелденіз.

Жағлан, абажа, әбдіре, әбдесте, күбі, кіреңке, көзе, қанар.

4. Суреттерде берілген ас атауларын айтып, олардың бірін әзірлеу жолын әңгімеленіз.





5. Еңбек құралдарының қазақша атауларын жазыңыз. Олардың түбірін талдап көріңіз. Қалай қолданылатынын сипаттаңыз.

6. Заманауи кәсіп иелерінің еңбек құралдары атауларын жазыңыз. Олардың кәсіби сөзге жататынын дәлелдеңіз.

15-16-сабақ. Жан-жануарларға байланысты атаулар. Аң, құс төлдерінің атаулары

1. Жан-жануарлардың төлдерінің атауларын білесіз бе? Ретімен жазыңыз.



арыстанның баласы



барыстың күшігі



аюдың баласы



мысықтың баласы

2. Жан-жануарлар төлдерінің атауларын сәйкестендіріп көріңіз. Неге олай ойлауыңыздың себебін түсіндіріңіз.

Еңлік

Құралай

Мамыр

Көгілдір

Түлкішек

Марғау

Иірше

Шөже

еліктің баласы

киіктің лағы

балапан қаз

аққудың балапаны

түлкінің баласы

мысықтың баласы

жыланның баласы

тауықтың балапаны

3. «Қызыл кітапқа» енген жергілікті жануарлар мен құстар туралы білесіз бе? Топпен ойласып, олар туралы « Екі жақты күнделікті» толтырыңыз.



4. Халықтың жан-жануарлар туралы атаулары қалай пайда болғаны туралы эссе жазыңыз. Көлемі-150-170 сөз.

5. Сыныптастарыңыздың эсселерін тыңдап, эссе жазу талаптарына сай талдаңыз.

17-18-сабақ. Табиғат құбылыстарына байланысты атаулар (жел, қар, жаңбыр, боран, жаңбыр атаулары)


1. Берілген атаулардың мағынасын түсіндіріңіз. Өз пікіріңізді топта талқылаңыз.

Нөсер жауын, ақ жауын, сіркіреме жауын.

Жылбысқы қар, қасат қар, көбік қар, сонар қар.


Алтын күрек, аңызак, жаяу бұрқасын, керімсал жел, өкпек жел, самал жел.

2. «Блум түймедағы» әдісімен табиғат құбылыстарына берген халық атаулары туралы сұрақтар дайындаңыз.



1. Нақты мәлімет/ факті туралы сұраңыз.
2. Пікірін, сөзін дәлелдеуін сұраңыз.
3. Неге олай ойлайтынын сұраңыз.
4. Ол пікір, көзқарастың ерекшелігін сұраңыз.
5. Ол туралы болжам, жорамалын сұраңыз.
6. Ол туралы тәжірибелік көзқарасын біліңіз.

3. Мәтінді тыңдаңыз. <https://youtu.be/zFLbR39vBP8> Тыңдалған мәтін бойынша ойыңызды «Балық қаңқасына» салып көріңіз. Оны дәлелденіз.



4. Сіз білесіз бе? Тест сауалдарына жауап беріңіз.

1. Түйе өркештенген ала бұлттар тізбегі

Ұшпа бұлт

Өркеш

Желең бұлт

Шөкпе бұлт

2. Аспан күмбезі көшпелі ала бұлттаным, тез жауып өтетін жаңбыр

Сылбыр жаңбыр

Ақ жаңбыр

Боз жаңбыр

Өткінші жаңбыр

3. Ауадағы су буынынан немесе салқын тұман тамшыларынан түрлі зат бетіне, ағаш бұтақтарына қонатын мұз қабаты

Қар

Қылау

Анжыр

Боз қырау

4. Түтілген шудадай жеңіл бұлт

Желең бұлт
Кілегей бұлт
Ұшпа бұлт
Шөкпе бұлт

5. Жаңбыр тамшыларының жерге мұз болып түсуі

Қарлы жаңбыр
Бұршақ жаңбыр
Мұзақ

6. Қысты күнгі ызғарлы суық

Қақаған аяз
Қызыл шұнақ аяз
Шытынаған аяз

7. Үстін мұз торлаған, көкшіл түсті, беті жылтыр сырғанақ қар

Сүрі қар
Сонар қар
Омбы қар
Мұздақ қар

8. Күн көзі шығып тұрғанда жауатын ұсақ тамшылы өткінші жаңбыр

Сылбыр жауын
Соқыр жауын
Өткінші жаңбыр
Қара жаңбыр

9. Ашық күнде аспанда қалқып жүретін түйдек-түйдек ақ бұлт

Ақша бұлт
Ала бұлт
Қазбауыр бұлт
Сұр бұлт

10. Желсіз күнгі жай жаңбыр

Нөсер
Сылбыр жаңбыр
Соқыр жауын
Ақ жаңбыр

11. Будақ жаңбыр бұлттарынан не қатпарлы жаңбыр бұлттарынан дауыл кезінде пайда болатын аса күшті электр ұшқындары

Ошаған

Найзағай

Күркір

Мұзақ

12. Өте қатты ащы аяз

Қытымыр аяз

Тымырсық аяз

Қақаған аяз

Шытынаған аяз

13. Ұзақ мезгіл мызғымай жатқан аяқ бастырмайтын, көлік жүрісіне бөгеуі қатты қалың қар

Ұлпа қар

Сіреу қар

Омбы қар

Сүрі қар

14. Қар мен мұздың еруінен немесе қатты нөсердің салдарынан болатын су тасқыны

Нөсер

Жаңбыр

Сел

Сіркіреме

15. Адамның бетін қаритын аяз

Қақаған аяз

Қызыл шұнақ аяз

Шыңылтыр аяз

Үскірік аяз

16. Суық түндерде және таңертең топырақ бетіне не шөп басына тұрып қалатын мөлдіреген тамшы су, атмосфералық дымқыл нәрсе

Шық

Қырау

Бұршақ

Қылау

17. Аспанды жаппай торлап, төрт-бес шақырым биіктікте жүретін тұнжыр бұлт

Ұшпа бұлт

Сұр бұлт

Шарбы бұлт

Маса бұлты

18. Бұлттан бөлініп, жерге түсетін атмосфералық су тамшылары

Бұршақ
Нөсер
Жаңбыр
Сел

19. Боранды аяз

Үскірік аяз
Тымырсық аяз
Қытымыр аяз
Шытынаған аяз

20. Жаңа жауған таза қар

Жапалақ қар
Ақша қар
Күпсек қар
Ұлпа қар

5. Осы тақырып бойынша алған біліміңізді бағалаңыз.



19-сабақ. Жобалау, талдау жұмыстары

20-сабақ. Ауа райына байланысты болжамдар жасау негіздері

<https://youtu.be/PsK3doctB5c>

1. Суретке қарай отырып, шартты белгілерді карта бетіне орналастырыңыз. Ауа райы болжамын хабарлаушы рөліне еніп, ауа райын айтып шығыңыз.



2. Бұрында халқымыз ауа райы болжамдарын қалай жасаған?

Ақпараттарыңыз бен пікірлеріңізді нұсқаулық немесе әңгіме түрінде жазып көріңіз.

21-сабақ. Аң-құстар мен үй жануарларының мінез-қылықтары, күнге қарап ауа райын болжау және тыйымдар

1. Берілген қатарларды сәйкестендіріп көріңіз, жауабыңызды жұбыңызбен талдаңыз.

Қарлығаш төмендеп ұшса,

Тырна қайтып оралса,

Сандуғаш тынбай сайраса,

Сауысқан шатыр ішіне қонақтаса,

Ит қарға жатса,

Шегіртке қатты шырылдаса,

Шыбын қыста үйде ұшса,

Құмырсқа үйіндісі биіктесе,

күннің жылынғаны

жаңбыр жауады

боран болады

күн жайлы болады

күн жылынады

ауа райы құрғақ болады

боран болады

қыс қатты болады.

2. Мына қызықты оқыңыз да, есте сақтаңыз. Салыстырып, зерттеп көріңіз.

Тағы қандай ұлттық болжамдарды білесіз, жалғастырыңыз.

Мысықтар жер тырналап, иттер қыңсылап мазасызданса, жер сілкінеді.

Тұманды күні ауа қапырық болса, найзағай ойнайды.

Жауын жұма күні басталса, келесі жұмаға дейін созылады.

3. «Ауа райы болжамдары және атаулары» үстел ойынын ойнаңыз. Не қиын болды, не қызық болды? Кері байланыс беріңіз.

Үстел ойынын өзіңіз құрастырып көріңіз.

22-23-сабақтар. Салт-дәстүр және жиын-тойлар атаулары

1. Берілген ақпараттарды интерпретациялап, графиктік органайзерге түсіріңіз. Салт па, дәстүр ме?

Салт – кәсіпке, сенімге, тіршілікке байланысты әдет-ғұрып. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Уақыт өткен сайын салтқа өзгеріс еніп, өзгеріп, қоғамға байланысты бейімделіп келеді. Жаңа қоғамдық қатынасқа сай келмейтін дәстүрлер ығысып, өмірге қажетті жаңалары дамып отырады.

Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Ол – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқының, іс-әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әділеттілік, мейірімділік сезімдері озық дәстүрлерге жатады. Дағды, әдет-ғұрып деген ұғымдар адамның мінезі мен тіршілігіне байланысты қанға сіңген қылықтарды білдіреді.

Аластау – ырым. Шамандық наным-сенімнен қалған. Көз, тіл тигенді қайтару, ауру-сырқауды, үй-жайды бәле-жаладан аластау арқылы тазалайды. Үй-ішін аластауға қазақтар ертеден бастап адыраспанды, аршаны пайдаланған, аршаны үйдің кез келген бұрышына іліп қойған. Егер үйге көз тиген болса, адыраспанды немесе аршаны табаға салып тұтатып, түтінімен бүкіл үйді аластап, есіктерді жауып қойған. Қазіргі кезде жаңа үйге кірген кезде үйді аластау әдетке айналған.

Аузына түкіру – ырым. Ертеден келе жатқан ырым бойынша, қазақтар белгілі батырлар мен билерге, ақындарға, тағы басқа елге белгілі адамдарға жас сәбидің аузына «түкіртіп» алатын болған. Оның мақсаты – сәби сол адамдардай өнегелі кісі болсын деген ұғымнан туған.

Бие байлар – сауылатын биелерді көктемде алғаш рет байлар алдында жасалатын ырым. Желіні тартып, құлындарды байлау кезінде мал сойылып, ауылдағы адамдар түгел қонаққа шақырылады. Бие байлар көктем шығып, ақтың молайған кезінде жасалған.

Шөміш қағу – ырым. Көктемде сәуір айының бас кезінде көкжиекті бұлт торлап, күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. Осы кезде ата-бабаларымыз «күн күркіреді, көк дүрілдеді» деп, үлкен қуанышпен қарсы алған. Осы алғашқы күн күркіреген кезде киіз үйдің босағасына, табалдырығына ағаш шөмішті тигізіп: Айран, сүт көп болсын,

Жақсылық көп болсын.

Жабырқау жоқ болсын,

Ел-жұрт тоқ болсын,– деп тілеу тілеп, көктемнің алғашқы найзағайлы күркірек жаңбырын қарсы алады. Осыны шөміш қағу деп атайды.

Шашу – әдет-ғұрыптың бір түрі. Жаңа түскен келіннің, жаңа туған нәрестенің тойына барғанда, қуаныштың белгісі ретінде құрт, ірімшік, кәмпит, өрік-мейіз шашады. Шашуды әдетте жасы үлкен әйелдер, әжелер шашады да, оны жас балалар теріп алады. Халқымыздың ежелгі дәстүрі бойынша, той жасаған үйге оның жақындары «тойға шашу» деп, тәтті тағамдар әкеледі.

Тұсау кесу – бала тәрбиесіндегі әдет-ғұрып. Баланың аяғын жіппен немесе қойдың піскен майлы ішегімен тұсап, бала-шағалы, аяғы жеңіл, ақкөңіл адамға кескізеді. Тұсау кесу құрметіне тағам дайындап, көршілерді жинап, жеңіл-желпі

күрмет көрсетіледі. Тұсау кескен адамға сыйлық беріледі. Тұсауды ала жіппен кесу көне шаман дінінен қалған.

Аяғына жығылу – ғұрып. Кешірім сұраудың ең үлкен және кішіреюдің ең ауыр түрі «аяғына жығылу» деп аталады. Мұнда айыпты адам жанына беделді адамдарды ертіп, тиісті адамның үйіне барып, кешірім сұрайды. Егер іс қиындап асқынып кетсе, айыпкер өзі кінәлі болған адамның аяғын құшып кешірім сұрауы керек. «Аяғына жығылу» да жазамен бірдей болып есептеледі.

Айдар – ғұрып. Балалардың төбе шашын ұзарта өсіріп, моншақ араластыра өріп қояды. Мұны «айдар» деп атайды. Бұл ғұрып негізінен ер балаға жасалады.

Мысалы, Кенесарының інісі атақты Наурызбай батырдың ұзын айдары болған.

Енші. Қазақ дәстүрінде үйленген баласын отауға шығарғанда ата-анасының бөліп беретін мал-мүлкі, балаға тиісті үлесті «енші» дейді. Еншіні үлкен ата, әке, олар жоқ болса, ұлдың үлкені бөледі. Қара шаңырақ пен ата-ана кенже баланың қолында қалады. Дәстүр бойынша ұлдың үлкені әке дәулетінің үштен біріне, кенже екіден біріне, ортаншылар төрттен бір үлесіне ие болады.

Сыралғы – дәстүр. Олжалы, қанжығасы қандалып келе жатқан аңшыдан кездескенде сұралатын жол «сыралғы» деп аталады. Аңшылар сыралғының сөзін жерге тастамайды.

Тоқым қағар – қазақтың ескі дәстүрі бойынша жас жігіт алғаш рет жолаушы жүргенде берілетін жолаяқ, кәде. Алыс жолға кеткен жігіт аман-есен келсін, тоқымы жерде қалмасын деген жақсы тілек білдіруге байланысты берген. Тоқым қағуға арнайы қой немесе қозы сойылады, болмаса қазы-қарта асылады.

2.«Сөздік кестесіне» берілген ақпараттарды ықшамдап, мағынасын түсіндіріп жазыңыз.

| Жаңа сөз | мағынасы |
|----------|----------|
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

3.Тобыңызбен ойласып, осы атаулардың біріне қойылым немесе бейнесюжет дайындаңыз.

4.Бейнефильм негізінде салт-дәстүр туралы факті мен көзқарасты жазыңыз.

<https://youtu.be/PCofixqJiA8>

24-25-сабақтар. Ұлттық ойындар: қимыл-қозғалыс ойындары. Ұлттық ойындар: үй ішінде ойналатын ойындар

1. Берілген ойындарды ойнай отырып, ұлттық таным бойынша жаңа сөздер мен тіркестер туралы білімдеріңізді тексеріңіздер.

«Орамал тастамақ» ойыны. Шарты: балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы балаларды айнала жүріп, бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала «менің артымда» деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе, ол қатысушылар қойған ұлттық таным туралы сұраққа жауап беруі керек.

«Түйілген орамал» ойыны. Шарты: ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да, «1,2,3», — деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйюлі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып сұрақтарға жауап береді.

«Сақина жасыру» ойыны. Шарты: ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар дөңгелене отырып, тізелерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұмулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде?» деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе, сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе, ол өз білімін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді

«Хан талапай» ойыны. Шарты: төрт-бес адамнан қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Бір-бірден асық үйірісудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға үйіруі керек. Қалған ойыншылар аңдысын аңдап, өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады. Себебі хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйіру кезегі соған беріледі. Ханмен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады. Ең ұпайы аз ойыншы сұрақтарға жауап береді.

2. Ойындардың бірін ойнап, оның ерекшелігін анықтаңыз. Ойын атауына мән беріңіз. Ойын атауы мен мазмұнына қатысты пікірлеріңізді «РАФТ» стратегиясымен жазыңыз.

Рөл

Аудитория

Форма

Тақырып

3. Ұлттық ойындар туралы зерттеу жұмысын жүргізіңіз. Нәтижесін сабақта талдап көрсетіңіз.

26-27-сабақтар. Жыл мезгілдері және қоныс атаулары

1. Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазыңыз.

Жыл мезгілдеріне қарай қазақтың малшы ауылдары қыстау, көктеу, жайлау, күзеу секілді қоныстарға көшіп-қонып отырған. Көктеу – көктемгі қоныс, шөптің жаңадан қаулап шыққан кезінде, көктем айларында мал жаятын өріс. Кей жерлерде мұны «орта жайлау» деп те атайды.

Жайлау – жазғы қоныс. Жайлауды суы мол, шөбі шүйгін, маса-сона, шыбын-шіркейі аз жерлерден тандайды. Қазақ елінің дәстүрлі жайлауы Сарыарқа атырабы мен орманды, желді өлкелерде, Қазақстанның солтүстік-батысында (Мұғалжарда), солтүстік-шығысында (Алтай, Сауыр және Тарбағатай өңірінде), оңтүстік-шығысында (Жетісу Алатауы, Іле Алатауы және Тянь-Шань тауының солтүстік атырабында), оңтүстігінде (Қаратау өңірінде) болды. Қазақстанның әр өңіріндегі жайлауды рулы ел, қала берді, жеке ата ұрпақтары пайдаланған. Халық қыстаудан көктеуге, көктеуден жайлауға, жайлаудан күзеуге көшіп отырды. Жайлау мен қыстау малға тиімді, тіршілікке қолайлы, көшіп-қонуға ыңғайлы жерлерден таңдап алынды. Қазақстан жеріндегі жайлаулардың адамға да, малға да ең қолайлысы – тау алаптары.

Көш жүгі жаздай даярланған азық-түлік, киіз-төсеніш, үй жабдықтары, қыстық киім есебінен құралып, күзге қарай молыға, ауырлай түседі. Күзеуге шығынсыз, аман-есен жету мақсатында алғашқы күндері көш баяу қозғалады. Күзеуге мал баспаған, оты мол, қыстауға жақындау жайылым таңдап алынады. Қазақстанның әр өңіріндегі рулы ел, бір ата ұрпақтарының өздеріне тиесілі күзеуі болған. Күзеу – мал қоңын сақтауға тиімді, көшпелі тұрмыс ыңғайына орай қолданылатын дәстүрлі шаруашылық түрі.

Қыстау – қазақтың байырғы қысқы мекенжайы, әдетте суы бар, ықтасынды, оты мол жерлерде орналасады. Қыстау аумағы шарбақпен қоршалады. Айналасында ор қазылған қора жайлары болады. Қыстаудағы тұрақжай түрлері: киіз үй, қоржын үй, жер үй, ас үй, сондай-ақ шаруашылыққа арналған мал қора, тезек қора, пішен қора, т.б. Кең тараған қыстау үйінің пішіні төрт-бұрышты, есіктері мен терезелері оңтүстікке, ал бітеу қабырғалары қысқы желдің өтіне қарайды.

Графиктік мәтін жазу алгоритмі:

-мәтіндегі ең негізгі ойларды, тірек сөздерді іріктеп алыңыз;

-мәтіндегі негізгі ойға қатысты детальді ақпараттарды іріктеп алыңыз;

- іріктелген тірек сөздердің суреттерін, шартты белгілерін салыңыз;
- оларды граффиктік сызық бойына орналастырыңыз;
- оларға қатысты детальді ақпараттарды қолайлы тұсына орналастырыңыз;
- өзара қатысты белгілер мен сандарды бірдей түске бояңыз;
- аяқталған граффиктік мәтінді өздеріңіз талдап, тұтас мәтін етіп айтып көріңіз;
- өзге топтарға граффиктік мәтінді тұтас мәтін етіп құрастыруды ұсыныңыз.

28-29-сабақтар. Ай атаулары (ескіше, жаңаша атаулар)

1. Мәтінге комментарий жасап оқыңыз. Негізгі ақпарат пен қосымша ақпараттарды бөліп алып, оны «Кубизм» әдісімен талдаңыз.

Ескі ай аяқталып, жаңа ай басталар аралықта Айдың бірер күн көрінбейтін кезі – "Өліара". Ал, өліарадан өліараға дейінгі уақыт - "Туар ай". Екі тоғыс аралығы - "Тоғыс айы".

Астрономия тұрғысынан көктем 93 күн (наурыздың 22 жұлдызынан маусымның 22 жұлдызына дейін). Бұл – жер шары орбитасының күн мен түннің жазғытұрғы теңелу нүктесінен жазғы күн тоқырау нүктесіне дейінгі мезгіл аралығы. Күн жылынып, қар кетеді, тоң жібиді. Ағаштар жапырақ жайып, жер көктейді. «Көктем» атауы осыдан шыққан. Жан-жануар, жәндіктер қысқы ұйқыдан оянады, жыл құстары оралып, ұя салады. Мал төлдеп, су бөгеліп, егіншілік жұмысы басталады. Бұл – шаруаның қарбалас шағы. Күн ұзарып, түн қысқара беретін, «жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілетін» осы кез халық аузында – «Ұзын сары». Наурыздың (парсыша «Нау» — жаңа, «Руз» — күн, яғни жаңа күн) 22 жұлдызы – күн мен түннің ұзақтық мерзімі теңесетін, Ұлыстың ұлы күні.

Халық: «Ақпан қысты аластаса, Наурыз жаназасын шығарады. Наурыз — әзілқой ай, жылатады да, күлдіреді де», – дейді. Наурыздың орта немесе соңғы шені өкпек жел соғып, қар күрт еріп, жер лайсаң тартатын шақ «Аласапыран» деп аталады. Жаңа жылдың алдында не алғашқы күндері жауған, жылтылдап көз шағылыстырар жұмсақ ұлпа қар — «Наурыздың ақша қары» тез ериді. Бұл қар «Құс қанаты», яғни «құс келер алды қар» деп те аталады. Наурыздың 17 жұлдызынан (кейде 16 жұлдызынан) 21 жұлдызына дейінгі аралық — «Бесқонақ».

Келесі айдың екі атауы бар. Екеуі де қар кетіп, күннің жылынуына сәйкес шықса керек. Бірі – көкек, сол кезде келіп, алғаш «көкектеп» шақырған құстың дауысы естілуіне, екіншісі – сәуір, халықтың «Сәуір тумай, тәуір болмайды» деген мәтеліне байланыстырылады. Көкек айы – көктемнің күшіне енер шағы, жауын-шашынды ай. Кейде тәулік бойы үзілмей сылбыр жаңбыр жауады.

Ол — «Сәуірдің ақ жаңбыры». Көкек отамалы желді, бірде қарлы, бірде жаңбырлы. Ауа райының құбылмалы қолайсыз шағы айдың 11 жұлдызында кіріп, 17 жұлдызында шығады. Есепшілердің айтуы бойынша, отамалы: «Қара жерге келсем, қар әкелемін (боранды, жауын-шашынды қолайсыз ауа райы), қарға келсем, қар әкетемін», — дейді екен.

Мезгілдің үшінші айы – көктемнің ең сұлу жасыл шағы. Жыл құстары келіп болады, ұя салып, балапандарын өргізеді. Аққудың, қаздың, үйректің топшысы бекімеген, ұша алмайтын үрпек балапандары «мамыр» делінеді. Осыған ыңғайлап, айға «мамыр» атауы берілсе керек. Мамырдың 17-19 жұлдыздары – құралай, қара суық дауылды күндер.

«Үркер жамбасқа келсе, жаз шықпағанда несі бар», — дейді халық. Күнделікті тұрмыста, көктем мен күздің жылы кездерін алты ай жаз деп те есептейді.

Жаздың бірінші айы– маусым, қосалқы атауы – отамалы. Бұл жердің отаю кезеңін меңзейді. Қазақта «Маусым – табаныңнан таусыл» деген мәтел бар. Мағынасы – аталған айда қауырт шаруашылық жұмыстардың көптігін, соған орай адамның ақ тер, көк тер болып еңбек етуін білдіру. Халық күннің ұзарғанын «Күн ілінді» дейді. Маусымның 22 жұлдызы– күн ілінген, ең ұзақ күн, ең қысқа түн.

Шілде — жаздың бел ортасы, аптап ыстықтың шыңы, өсімдіктердің жұпар иісі аңқыған шақ. Айдың осылай аталуымен қатар, маусым айының 26 жұлдызынан тамыз айының 5 жұлдызына дейінгі ауа райының өте ыстық кезінің ұзақтығына байланысты «Қырық күн шілде» ұғымы туған және бұл күндер «Ұлы шілде» аталған. Шілденің аңызға, аптап күні «Күн шіліңгір» делінеді. Шілденің 20 жұлдызында Таразы (нарық) жұлдызы туып, таң суи бастайды. Қазақтың «Таразыда таң суидысы» – осы кез.

Тамыз айының бір атауы — Сарша, мағынасы — шөп қуарып, жердің сарғаюы, шілденің аяқ кезі мен тамыздың бас кезіндегі ми қайнататын аптап ыстық. Жаз ортасы ауып, ағаш жапырақтары мен өсімдік сабақтары сола бастаған шақ. Айдың жиырмасыншы жаңасында Сүмбіле жұлдызы туып, су салқындай бастайды. Осыған орай «Сүмбіледе су суиды» нақыл тараған. Лақ сүмбіле – тамыз айының бірінші жартысы. Теке сүмбіле – тамыз айының екінші жартысы.

Қыркүйек — күз басы, күзем айы. Қырға шығып, күйек алынатын мерзімге сәйкес келуіне байланысты айға «қыркүйек» атауы берілген.

Қыркүйектегі біраз күндік ерекше жайлы шуақ — «мизан шуағы».

Ерте кезде келесі ай «ҚҰЗАН» аталған. Бұл кезде жыл құстары жылы жаққа ауып, жергілікті мекендерде қарға, құзғындардың қалуы ай атауына себеп болуы мүмкін. Қазан - алғашқы үсік жүретін қара суық айы. Бұлт қоюланған жаңбырлы, су беті қабыршықтанып, бозқырау түсер күзгі шақ. Түні қараңғы. Кеш піскен жеміс-жидек, бау-бақша, көкөністер суыққа ұрынар, ондай өнімдерді «Қазан соқты, қазан ұрды» дер шақ.

Қараша – қара суық айы, арбамен қоштасар, шанаға топтасар кез. Күпіні шешкізіп, тон кигізеді. Қарашада аспан түнереді. Жер бауырлап дымқыл тұман түседі, зілмауыр бұлттар көшеді. Күн қысқарады, ашық шуақты кез сирейді. Қар кейде жауып, кейде еріп, түнге қарай тоң қатады. Қарашада қара жерге қар түспей соққан өткір жел соғатын салқын кезді — «қара суық» дейді. Қарашаның қары – алашабыр жолдас қар.

Келесі айдың атауы «жел» және «тоқсан» деген сөздің қосындысынан шыққан дейді. Өйткені желтоқсан «үш ай желді болады» деген мағынаны білдіреді. Ежелгі түріктер де бұл айды «жел айы» деп атапты. Осы айда қыс күшіне енеді. Боран соғады. Желтоқсанның 22-де күн барынша қысқарады. Ол - «күннің тоқырауы». Қырбастың қызылы– желтоқсанның басында болатын алғашқы аяз.

Қаңтар – күннің «қаңтарылып байланатын», одан әрі тұқырып, қысқара алмайтын айы болғандықтан осылай аталған.

Ақпан – «ақ ықпа» сөзінен шыққан. Ақпандағы ауа райы аумалы-төкпелі, құбылмалы. «Ақ ықпа» сол мағынаны білдіреді. Біздің данагөй бабаларымыз қаңтар, ақпанға мынандай сипаттама берген:

Қаңтар – аяз айы, ақпан – боран айы. Қаңтар бөгет салады, оны ақпан бұзады. Ақпан – қайталаманың ақ бораны. Ақпан: «Білмесең білдірем, білсең бүлдірем», - дейді.



2. Мына кестені жаттап алыңыз. Осы атаулардың шығу төркінін зерттеңіз.

| Қазіргі атауы | Ескі атаулары |
|---------------|--------------------|
| Наурыз | Отамалы, хамал |
| Сәуір | Көкек, отжақпас |
| Мамыр | Саратан, құралай |
| Маусым | Зауза, сарша-тамыз |
| Шілде | Әсет, сарша |
| Тамыз | Сүмбіле, әзіре |
| Қыркүйек | Мизам |
| Қазан | Ақырап |
| Қараша | Қараша-қауыс |
| Желтоқсан | Жедді |
| Қаңтар | Дәлу, ақпан |
| Ақпан | Хұт, тоқпан |

30-31-сабақтар. Күн және уақыт өлшемдері

1. Мерзім өлшемдерін сәйкестендіріңіз.

Бір сәт, қас қағым сәтте, ә дегенде

Сүт пісірім уақыт

Шай қайнатым

Бие сауым уақыт

Ас пісірім уақыт

Ет пісірім уақыт

Жарты күн

Тағы қандай мерзім өлшемдерін білесіз?

шамамен 1 секунд;

5-10 минут;

40-60 минут

1,5 сағат;

1,5-2 сағат;

2-2,5 сағат;

12 сағат

Тоқсан (3 ай), жыл (365 күн) немесе 12 ай, ғасыр (100 жыл).

Адам өмірі

1-мүшел (13 жас)

екі мүшел (25 жас)

үш мүшел (37 жас)

төрт мүшел (49 жас)

2. Нені байқадыңыз? Адам өмірін мүшелмен есептеу себебін анықтаңыз, пікірлеріңізді дәлелденіз.

Сәске – күн көтерілген мезгіл;

Ұлы сәске – түске жақындаған мезгіл;

Екінті – күн батуға жақындаған мезгіл;

Ақшам – күн батып, шам жағар мезгіл.

3. Берілген атаулармен мұғалімнің көмегімен сөйлем құрап жазыңыз, мағынасын түсініп алыңыз.

Елең-алаң, құланиек, таң сәрі, құлқын сәрі, таң бозара, алакеуім, таң біліне, таң ата, күн шыға, күн қызара, күн қыза, күн көтеріле, күн арқан бойы көтеріле, түске жақын, тал түс, шаңқай түс, талма түс, сәске түс, түс ауа, түс қайта, бесін, екінді, кеш, көлеңке басы ұзара, күн бата, ымырт, іңір, апақ-сапақ, намаздыгер, ақшам (намазшам), ақшам жамырай, бейуақ, қас қарая, түн қараңғысы, ай туа, түн ортасы, жұлдыз сөне

4. Осы сөздерді қолдану төркінін түбірінен іздеп, зерттеу жасаңыз.

5. Бейнежазбаны тыңдап, тақырып бойынша тезис жазыңыз.

<https://youtu.be/fI8Xjotg7aY>

32- 33-сабақ. Өлшем бірліктері


1. Берілген сөздер туралы топпен талқылап, шешімін ұсыныңыз.

Татымдай, шынтақтай, қолдаяқтай, торсықтай, қара – құрым, үш тұмша, найза бойы, баданадай, қарыс, қадақ, тұтам, тамам, уыс, күректей, қасықтай, астаудай, шымшым, шаршы, кез, елі, қырық құрау, қарыс, аршын, адым, таспа, сүйем, батпан, тамшы, титтей, шайнам, табан, шайқам, әммә, тарыдай, уыс, бір ауық, кесек, тақыр, мысқал, азды - көпті, айшылық, күншілік, жылшылық, ұдай, құлаш, ықылым, кешелі – бүгінді, шым – шымдап, тосат, пұт, қылаң, мүшел, барабар, қат.

2. Мына нақылдарды толықтырыңыз. Мағынасын түсіндіріңіз.

«Екі елі ауызға, _____ қақпақ. Ауру батпандап кіреді, _____ шығады. Біреудің мінінің _____ артықтығы бар. Өмір көрген тұлкінің _____ - _____ іні болады
Керекті сөздер: үш-үштен, бір артықтығы, төрт елі, мысқалдап.

3.Төменде берілген сөздерден өзіңіз білетін 3 сөзді Фишбоун әдісімен талдап, олардың қандай сөздер екенін анықтаңыз.



Батпан, дыр, әшмүшке, мысқал, қадақ

34-35-сабақтар. Киелі сандар және ұғым. Киелі сандарға қатысты нақыл сөздер

1.Топтаса отырып берілген ақпараттардан факті мен көзқарастарды ажыратып, ТВ шоу ұйымдастырыңыздар.

Бір санының киелілігі:

1. Жаратушы жалғыз. Жалғыздық адам баласына жараспайды.

Күні-түні дем алмайтын екеу:

Күн. Ай

Пейіште көрінбейтін:

- 1.Күндіз. 2.Түн

Пейіште болмайтын:

1. Ауру-сырқау. 2. Ұйқы

Жақсы дос пен жаман дос: 1.Мал-мүлік. 2.Ұл-қызы

Үш қуат: 1.Ақыл. 2.Жүрек. 3.Тіл

Үш жүз: Ұлы жүз. 2.Орта жүз. 3.Кіші жүз

Үш құсты өлтіруге болмайды: 1.Көкқарға. 2.Қарлығаш. 3. Байғыз

Адамның үш бұзық ниеті: 1.Өтірік айту. 2. Сөзінде тұрмау. 3. Аманатқа қиянат жасау

Адам Атаны жаратқанда жіберген үш қасиет: 1.Ақыл. 2. Ұят. 3. Сабыр

Үш нәрсе аз болса да, көп болады: 1. Қайыр-садақа. 2. Сауап. 3. Дұға

Үш нәрсесіз үш нәрсе: 1.Басы бар, ақылы жоқ іс. 2. Ғылымы бар, амалы жоқ іс. 3. Байлығы бар,қайырсыз іс қылушы

1. Киелі сандар туралы презентация жасаңыз. Зерттеудің алты қадамын қолданыңыз.

- 1.Тапсырманы анықтау (нені анықтаймын?)
- 2.Ақпараттың орны (кім көмектеседі, қайдан аламын?)
- 3.Тиісті ресурстарды таңдау(пайдалы ма, нені сақтау керек?)
4. Ақпаратты ұйымдастыру (өз сөзімен жаза алам ба?)
- 5.Идеяларды ұсыну (қалай құрастыруым керек?)
- 6.Соңғы өнімді бағамдау (бір нәрсе таптым ба, мәні бар ма, таң қалдыра

аламын ба?)

2. Мына сандарға қатысты киелілерді табыңыз.

4 үміт, 7 күн, 3 қуат, 5 жақсы, 6 астам тіл, 3 сауап.

3 _____

4 _____

5 _____

6 _____

7 _____

36- сабақта жыл бойы алған білімдеріңізді, зерттеу жұмыстарыңызды қортындылаңыздар.

Қосымша тапсырмалар:

Құрметті білім алушылар, жыл ішінде 2 рет (әр жартыжылдықта 1 рет) зияткерлік ойын, жоба қорғау түрінде зерттеу сабақтарын ұйымдастырыңыздар. Оны топпен ұйымдастыруға болады. **Зияткерлік ойын тақырыбы:** «Сөзтаным»

Зерттеуге ұсынылатын тақырыптардың үлгісі :

- «Табиғат құбылыстары: ауа райы атауларына қатысты ұлттық таным және сөздер сыры»
- «Үй тұрмысына байланысты құрал-жабдықтар атаулары мен оларды қолданудың ерекшеліктері»;
- «Ай атауларының табиғат өзгерістері мен ауа райына байланысты шығу себептері»;
- «Ұлттық өлшем бірліктердің тұрмыста қолданылуы»;
- «Сәндік- қолданбалы бұйымдар атаулары мен адам есімдерінің байланыстылығы»;
- «Әдет-ғұрып, салт-дәстүр: тарих пен жаңашылдық».

Жыл ішінде алған білім, дағдыларыңыз туралы кері байланыс парағын толтырып, мұғалімге өткізіңіздер.

Оқушыларға арналған кері байланыс парағы

1. Сіз үшін қандай ақпарат құнды болды? _____
2. Сіз үшін қандай мәліметтер қызықсыз болды? _____
3. Сіз үшін қандай материал жаналық болды? _____
4. Сіз зерттеу жұмысын жүргізіп көрдіңіз бе? _____
5. Қандай тақырыптардағы зерттеулер қиын болды? Неге? _____
6. Сізге мәлімет іздеуде кімдер қолдау көрсетті? _____